



АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕҢ, АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ!

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы № 28 жалпы білім беру орта мектебінің 10-сынып оқушысы
Байдықылышова Гүлден



Абай ағамыздың қалдырған бұл өсиеті - күні бүгінге дейін баға жетпес аса үлкен даналық. Абай ағамыз - жас бала дүниеге келген сәттен бастап, дүние салғанға дейінгі тура жолды нұсқап, сызып, көрсетіп кеткен.

Абай - ұлы философ, ақын әрі сыншы. Абай — дана!

Әлемде ешбір жан өзі таңдаған мақсатына өз бетінше қайрат пен жігер салмай жете алмайды. Абай шығармалары осындай терең ойлы мағыналарға толы. Ол өз өлеңдерінде ғалым болу мен адам болуды бір-бірімен ұштастырып тұрады, бұл екеуінің түпкі тамыры бір. Ғалым болудың басты шарты - не нәрсе болсын таразысына салып өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сену және көзің анық жеткен шындықты тура айтудан тайынбау.

Қазақты тану үшін Абайды оқу қажет, ал Абайды түсіну үшін азамат болу шарт. Абайды тану - қазақтың өзін-өзі тануының басы да, соңы да! Абайды тану - Абай айтқан сындардан толық қорытынды шығару деп білеміз. Ол ақын ғана емес, ол өлеңдері арқылы өз халқының төрдегі басын есікке сүйреп келген, басты міндерін батыл көрсетіп берген тұңғыш дана сыншымыз.

Жастардың қазіргі ең басты әлсіздігі - өз мүмкіндігін бағаламауы, білгенін пайдаланбауы. Дана Абай сол кездің өзінде-ақ бұл індеттің болашақта тұқым жаярын біліп, бұл дерттің дауасын айтып кеткен. Тек сол дәріні қолға алып, қолдану қана қалды, оның өзі қазірде үлкен жетістік.

Мен Абай ағамның он сегізінші қара сөзіндегі осы бір жолдарды өзіме үлгі етемін: «...Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық». Расында, қылғаның адал болмаса, барар жерің белгілі, олай болса, неге сонша алтын уақытымызды қайтымсыз іске жұмсаймыз?! Бірер сәтте жоқ болар дүниелерді өміріміздің мәні көреміз, қалай да болсын желкеміздегі азғынның дегенінен шыға алмай, әлсіздік танытып жүрміз.

Алладан тек адам баласына тілерім - адамгершілік. Адамдық қасиет болмаса - басындағы ақылсыз білімнің де, қалтадағы уақытша ақшаның да керегі шамалы. Әрбір өскін ұрпақ осыны ұғып, нәтиже шығарса екен деймін. Қорытындылай келе, Абай өлеңдері оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі. Оны оқи отырып адамгершілік мінберіне көтерілесің, өзіңді-өзің тәрбиелейсің, әдемілік әлеміне шомасың. Абай өлеңдерінен тәлім алу, оны ұғынып бойына сіңіру - бүгінгі ұрпақ алдындағы міндет. Сол үшін «Асыл сөзді издесең, Абайды оқы, ерінбе!»-деген сөз әрбіріміздің ұстанымымыз болу керек.

МЕНІҢ ОТАНЫМ - ҚАЗАҚСТАН!



Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті № 169
Н.Илялетдинов атындағы орта мектеп
Мұстафа Асылжан 4 «В» сынып оқушы
Сынып жетекшісі Корнева Татьяна Петровна

Отансыз адам – ормансыз бұлбұл, демекші әрбір адамның өз отаны болады. Өз отаны, өз үйі бар адам бақытты. Мен бақыттымын, өйткені өз Отаным, өз үйім бар Аллаға шүкір, қасымда ата-анам бауырларым бар.

«Отанды сүю – отбасынан басталады»

Сондықтан, мен өз отбасымды шексіз жақсы көремін. Ия, мен бақыттымын! Себебі, менің елімде тыныштық, бейбіт заман. Сол бейбіт заманда алаңсыз өмір сүріп жатырмыз. Осының өзі өлшеусіз бақыт емес пе? – деп ойлаймын.

Бүгінде әр қазақ баласы үшін, білім тегін беріледі. Сондай білім алушының бірі – менмін. Сол үшін осы мектепке, аяулы ұстаздарыма алғысым шексіз.

Қазақстанда дүниеге келіп, осында өсіп жатырмын. Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткен мен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған кент.

Отаным мен үшін аса қымбат жер, менің өсіп, тұрып жатқан киелі мекенім - Жаңақорған.

Осы мекенде қаншама ұлт өкілдері тұрады. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында. Ол байырғы көркем Қазақстан жерінде бейбітшілікті сақтауға көмектеседі.

Ал татулық – болашақта гүлденудің маңызды талабы. Мен келешекке сенемін.

Атамекен алдындағы борышым - халық болашағы үшін қызмет ету. Қазақстанды гүлдендіру, көркейту, жағымды хабарымен қуанту. Еліміздің болашағы - біздерміз.

Ата-анасын, Отанын сыйлаған жастарға елінің дамуына үлес қоса алады. Мен өз еліме бейбітшілік, жақсылық тілеймін! Мен - жылдарым мен күндерімді өз Отанымның көркеюіне үлес қосуға арнаймын. Оның шексіз болғанын, менің кішкентай және үлкен Отаным татулықта болғанын қалаймын. Қазақстанымды жақсы көремін! Адамзат баласының татулығына ұмтылу әр халықтың қанында бар, әсіресе ол Қазақстанда ерекше көрініс табады.

МОЯ РОДИНА — КАЗАХСТАН

Ученица 8 класса Айса Бибинур
село Толеп, Бейнеуский район, Мангистауская область

Родина-это то место, где человек родился и жил всю свою жизнь. Вряд ли, кто-то сможет забыть свою Родину, потому что Родина - это твоя семья, твои воспоминания, счастливые и грустные моменты, все, все связано с Родиной. Потому что там есть твоя мама, папа, братья, сестры - одним словом твои родные.

Существует такая казахская пословица: «Цветы лишь на своей поляне цветы, человек лишь на своей Родине человек.»

Моя Родина - Казахстан. Мой Казахстан – это самая дорогая, важная, драгоценная, любимая страна. Я здесь родилась и живу. Думаю я один из счастливых людей в мире. Потому что жить в такой стране, как Казахстан, гордость каждого казахстанца.

Казахстан великое, богатое государство. В Казахстане единой семьей живут восемнадцать миллионов людей, представители более ста национальностей.

Казахстан занимает девятое место по величине территории. Казахстан очень красивая страна. Наша страна богата полезными ископаемыми. Особенно в нашей Мангистауской и Атырауской областях добывают в недрах земли нефть и газ.

Я рада, что живу в таком государстве в такое мирное время и ничего не боюсь, потому что рядом со мной мои любимые родители, мои братья и сестры.

Я учусь в школе небольшой, но уютной, а также бесплатной. Я видела как-то по телевизору, что в зарубежных странах дети учатся и платят деньги за свое обучение в школе. А мы не платим за обучение в школе, поэтому я считаю, что мы дети Казахстана самые счастливые. И пусть наша страна развивается и процветает с каждым годом. Желаю пусть дети всего мира жили со своими родителями счастливо, не думали о плохом.

Наша Родина, наш Казахстан -это такое государство, где заботятся о безопасности детей.

* * * * *

РУХАНИ ТӘРБИЕ – ОТБАСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

ЖУНУСОВА АЯУЛЫМ ЖАНАТОВНА Қарағанды қаласы № 79 НОМ КММ бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі кезеңдегі мақсат- «Халықтың тәрбие тағылымын игерген, адамгершілік- рухани дамыған, өресі жоғары, білімді, ел болашағын ойлайтын тұлға қалыптастыру».

Ең бастысы, білім берумен қатар тәрбиеге ерекше көңіл бөлуіміз керек. Ұлы ғұламаларымыз Әл-Фараби «Тәрбиесіз қолға білім салма» десе, А.Байтұрсынов «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз, негізінде ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек.

Бізе тәлімді рух, тәрбиелі білімділер... Міне адам! Міне Тұлға!» деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керек, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығы айдан анық. Сонда ғана, таза жанды, иманды, арлы, намысты, ұлтты мен ұлттық құндылықтарды сүйетін тұлға тәрбиелейміз.

Осы орайда, ұлы бабамыз Әл-Фарабиден бастап өшпес мұра қалдырған ойшылдарымыз Баласағұн, Қашқари, Иассауи, Хорезми, Дулати т.б. еңбектері қазір ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ қазыналар.

Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттық болашағы тек өзіне ғана байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық, мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткеннің тағдыры мен талаптарын, объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек» екені айтылған.

Тәрбиелеу дегеннің мәнісі не?

«Жас бала – жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» - дейді дана халқымыз. Жерге отырғызған жас көшет те қашан тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше, мәпелей күтіп, үзбей тәрбиелеуді қажет етеді. Тәрбие жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал. Тұлғаны барлық жағынан дамытып тәрбиелеу, жас ұрпақты қоғам құрылысына белсене қатысуға әзірлеу міндеттері мектеп арқылы жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту міндеттерін жүзеге асыру үшін оған әлеуметтік, сондай-ақ белгілі бір материалдық та жағдай жасау қажет. Ол үшін:

- 1.Білім беру жүйесін үнемі жетілдіріп, дамытып отыру;
- 2.Оқу, тәрбие беретін материалдық-техникалық базасын үнемі жақсартып отыру;
- 3.Жастардың денсаулығына қамқорлық жасау, олардың жаппай дене тәрбиесімен күн сайын айналысуын насихаттау, мүмкіншілік жасау.

Адамгершілікке, мәдениетке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді, бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың, жан-жақты тәрбие алудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Адамгершілік – рухани құндылықтар үлкен мен баланың арасындағы шынайы қарым-қатынасқа беріледі. Көзге көрінбейтін өте нәзік сезімді, аса құнды қасиеттерді жүректен-жүрекке үзбей жеткізу тек шебер тәлімгердің қолынан келеді. Білімділікке қол жеткізудің басты шарты – адамның ұлттық рухани мықтылығында. Рухы мықты адам адамзатқа қызмет етеді. Халқымыздың рухани қазынасы бүгінгі күнмен жалғасқан өткен дәуірлер шежіресінің куәсі, ұлтымыздың тұрмыс - тіршілігінің айнасы. Сондықтан, оны тәрбие берер педагогикалық құрал ретінде қарастырдық, өйткені бұл қазақтық дүниетанымының бұлақтары.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- Оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- Жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет,
- Сүйіспеншілік, мақтаньш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- Жас ұрпақтың бойында жаңашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Сондай-ақ ұлттық құндылықтарды оқушы бойына сіңіруде ақын-жазушылар мен еліміздің ұлтжанды азаматтарымен болған кездесулер әсер етеді. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен бірігіп жүргізілген шараларына байланысты болмақ. Өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы-отбасында, екінші- мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни мұғалімдер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе дей келе ата-аналарымызбен бірлесіп көптеген іс-шаралар өткіземіз, атап айтсақ соның ішінде салт-дәстүрді дәріптеуде Наурыз мейрамы, Ораза айт күндеріне байланысты имандылық тәрбиесі сынып сағаттарында өткізіліп тұрады.

Сонымен қатар, бала тәрбиесінде өзіміздің ұлттық дәстүрімізде жасалған мультфильмдердің, кітаптар мен бейне тастапалардың атқарар ролі де ерекше екенін білеміз. «Ұлттық мектеп дегеніміз – ұлттық рухта тәрбие беретін орын».

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» демекші, ата дәстүріміздің қалыптаса беруіне отбасы тәрбиесінің ықпалы зор. Әйтсе де күнделікті тірлікте ортақ тәрбие құралы – бұқаралық ақпарат құралдарын баса пайдаланып келеміз.

Адамның өміріндегі ең қуанышты балалық шағы отбасында өтеді. Бала өскен сайын ата-ананың жұмысы ауырлай береді, тәрбие күрделенеді, оған қойылатын талаптар күшейеді. Бала жақсы адам болып өсу үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасындағы ең жарасымды, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болу керек. Ол ата-анасына өзіне қандай қамқоршы, сүйеніш екенін сезінуі керек. Отбасы шын мәнінде тату-тәтті, өзара түсіністікте болса, одан адамгершілік пен әділеттілік көрінісі айқын сезіліп тұрады. Отбасының негізгі міндеті- баланы еңбек етуге, жарқын сезімдер мен нұрлы мұраттарға тәрбиелеу және адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету. Бұл қасиеттердің бәрі негізінен отбасы – ошақ қасында қалыптасып нығаяды. Мұнда әсіресе отбасындағы ересек адамдар өздерінің жеке бастарының өнегесі арқылы жас балалардың бойында сезімдерді қалыптастырады.

Қазіргі кезде көп ата-ана баламыз компьютерді, ағылшын тілін меңгерсе болды жетілген тұлға болады деп ойлайды. Ең алдымен әрбір бала адами тамаша қасиеттерді бойына жинақтаған дұрыс адам бола білуі шарт. Сонан кейін ғана білімін тереңдете алады. Одан басқа жаһандану жағдайындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, толеранттық-төзімділік қасиеттер де ұлттық тәрбие дәстүрінде көрініс табуы тиіс. Н. Назарбаев.

Ол Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет. Міне, Нұрсұлтан Әбішұлының осы бір ой-толғамы түйіндеп отырғандай, бүгінгі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды, оның жаңа ұрпағын қалыптастыруда интеллектуалдық секіріс сөзсіз қажет. Олай болса, сол интелектуалдық тың өзі ұлттық тәрбиемен келетін жеміс екенін ұмытпағанымыз абзал.

Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайлыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлттық қасиетімізді сақтау деген сөз. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға бағыт болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз.

Жас ұрпақты рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуде адамгершіліктің ақ жолынан айнымаған бұрынғы өткен ақыл-ой алыптарының мұра етіп қалдырған өсиет сөздері және ғұламалардың ғибраттары арқылы қоғамымызда салауатты өмір салтын қалыптастыруымызға болады. Сонда ғана бүкіл жер бетінде, әсіресе, жастар арасында бой көрсетіп жатқан маскүнемдік, нашақорлық, жесөкшелік, парақорлық, дүние-қоңыздық, көреалмаушылық сияқты кеселдерден мемлекетіміздің болашағы- жас ұрпағымызды қорғап қаламыз және аман сақтаймыз.

Сонымен қорытындылай келе, осындай халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысайық!

Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын жастардың санасына сіңіре білу басты міндетіміз болуы қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған дана сөздер десек, біз сол насихаттың жүргізушісіміз.

Раздел VI. Вода – источник жизни Урок:67

Тема урока: П.Н. Васильев. «Иртыш»	Школа СШ №4 г.Эмба
Дата:	ФИО учителя: Жугунисова Алтынгүль Аманкешовна
КЛАСС 8	Количество присутствующих
Цели обучения, которые необходимо достичь данным уроке	8.1.5.1 – прогнозировать содержание по отрывку прослушанного текста/ просмотренного видеоролика 8.3.7.1 – извлекать необходимую информацию из различных источников, определяя ее актуальность, достоверность, полезность и ценность 8.4.2.1 – излагать выборочно содержание текста на основе прослушанного, прочитанного и/или аудиовизуального материала
Ожидаемый результат	Все учащиеся смогут: излагать выборочно содержание текста на основе прочитанного текста Большинство учащихся будут уметь: формулировать проблемные вопросы по тексту; оценивать поступки персонажей прозаических произведений Некоторые учащиеся смогут: находить в тексте художественно-изобразительные средства

Языковая цель	<p>Учащиеся могут: строить речь логично и последовательно, демонстрируя нормы устной и письменной речи</p> <p>Ключевые слова и фразы: <i>тугой</i> – қаттыкерілген, тартыпбайланған, <i>шатушие</i> – подвижные, <i>забот не точат</i> – заботы не беспокоят, <i>чалка</i> – канат, трос для речного судна, лодки, <i>приречные станицы</i> – казачьи селения у реки, <i>дородные</i> – большие, крупные, <i>трюм</i> – внутреннее помещение корабля, <i>досужие</i> – свободные от дела, <i>скиталец</i> – здесь: путешественник.</p> <p>Полиязычие: Река –өзен-river Рыба– балық-fish Волна– толқын-tide</p> <p>Используемый язык для диалога/письма на уроке: русский.</p> <p>Вопросы для обсуждения: Что мы узнаем о творчестве П.В. Васильева?</p>
Предыдущее обучение	<p>Этот раздел построен на знаниях и навыках, приобретенных в предыдущих классах, в том числе на тех, которые направлены на восприятие и оценку аудиоматериалов, на анализ текста, на формирование грамотности речи.</p>
План	
Планируемые сроки	Планируемые действия
0–2 мин	<p>I. Организационный момент. Создание коллаборативной среды. Учащиеся приветствуют учителя на трех языках</p> <p>«Настроение». Подарите улыбки друг другу. Если вы научитесь улыбаться красоте, добру, то ваша улыбка будет возвращаться к вам с радостью. Ведь окружающий мир – это большое волшебное зеркало.</p> <p>Проверка домашнего задания: Найти и записать как можно больше пословиц и поговорок со словом вода</p> <p>Взаимооценивание (оценивают работу других групп смайликами и аргументируют свою оценку) Стратегия «Светофор»</p>
Начало урока	<p>Актуализация знаний. (Деятельность учащихся) К Прогнозирование учащимися темы урока: Просмотр видеоролика. Ребята, как вы думаете, почему я вам показала этот видеоролик?</p> <p>(И) опережающее задание: подготовить презентацию о жизни П.Н. Васильева.</p> <p>Упражнение 2: (К)Прослушать аудиозапись (№12)</p>

Середина урока	<p>Ответить на вопросы (Г) «Тонкие» вопросы 1. Где и в каком году родился П. Васильев? 5 января 1910г. В городе Зайсан 2. Сколько лет суждено было прожить поэту? (27) 3. Каким псевдонимом подписывал поэт свои произведения? (Мухан Башметов)</p> <p>«Толстые» вопросы 1. Что составляет отличительную поэзию Васильева? (Его творческая уникальность состоит в том, что он соединил в своей поэзии два мира, две культуры: русскую и казахскую.) 2. О чем пишет поэт? (Почти все его стихи – о Казахстане, Прииртышье, Алтае; о рыбаках Зайсана, казахских аулах и казахских станицах.) 3. Как благодарные читатели помнят о поэте? «Ястребиное перо», «Русский беркут», «Витязь русского стиха», «Степи казахской русский сокол».</p> <p>1. Изучение нового материала. Слово учителя: У каждого человека помимо большой Родины есть своя, маленькая, которая питает и растит любовь ко всей стране. Это наш дом, тот уголок, тот край земли, где родился, где впервые ощутил любовь матери, услышал песни своего народа. Для Павла Васильева таким уголком является Казахстан, а именно Иртыш. Поэт восхищался природой края, людьми, любовался Иртышом, так как дом, в котором проходило его детство и отрочество, находился в двух-трех метрах от реки.</p> <p><i>На географической карте Казахстана учащиеся находят Иртыш</i></p> <p>Упр 1. Прочитать выразительно стихотворение П.Н. Васильева, выражая голосом чувства и настроение поэта.</p> <p>(К.Г) Работа с текстом. Приём «Карточка-информатор» Новые слова записывают на «карточку-информатор» и дома находят значения записанных слов с толковым словаре. Теперь используя эти ключевые слова, в 3-х предложениях передайте краткое содержание стихотворения</p> <p>Занимательный момент: выберите один смайлик с одним существительным и если переведете слова на два языка, казахский и английский у вас останется смайлик Река – өзен-river Рыба – балық-fish Волна – толқын- tide</p> <p>У. Освоение изученного материала Анализ стихотворения: (Г) Найти художественные средства языка: 1 группа: находят эпитеты 2 группа: олицетворения и сравнения 3 группа: метафоры</p>
----------------	---

<p>Прежде, чем выполнить это задание, вспомним изобразительно-выразительные средства языка (<i>обращаемся к презентации: определения эпитета, сравнения, олицетворения, метафоры</i>).</p> <p>- Итак, теперь мы выявим тропы в стихотворении «Иртыш».</p> <p>Река просторной родины (эпитет) моей, Просторная, Иди под непогодой, Теки, Иртыш, выплещивай язей – Князь рыб и птиц (<i>метафора</i>), беглец зеленоводый (<i>эпитет</i>) Светла твоя подводная гроза, (<i>эпитет</i>) Быстры волны шатучие качели, (<i>метафора</i>) И в глубине раскрыты глаза У плавуна, как звёзды, порыжели (<i>сравнение ...как</i>) Глаза у плавуна (<i>олицетворение</i>) Маши турецкой кистью камыша, (<i>метафора</i>) Теки, Иртыш! Любуюсь, не дыша, Одним тобой, красавец остроскулый. (<i>эпитет</i>) Оставив целым мёду полковша, Роскошествуя, лето потонуло. (<i>метафора</i>) Мы встретились. Я чалки не отдам, Я сердца вновь вручу тебе удары... По гребням пенистым, по лебедям (<i>эпитет</i>) Ударили колёса «Товар-пара». Я б с милой тоже повстречаться рад – Вновь распознать, забытые в разлуке, Из-под ресниц позолоченный взгляд, (<i>эпитет</i>) Её волос могучий пережат И знаем зацелованные руки (<i>метафора</i>) Чтобы Иртыш, меж рек иных скиталец, (<i>олицетворение</i>) Смыл тяжкий груз накопленной вины, Чтоб вместо слёз на лицах оставались Лишь яростные брызги от волны! (<i>эпитет</i>) Определить основную мысль: передать всю свою любовь к родной земле. Эпитеты: просторной родины, беглец зеленоводый, подводная гроза, красавец остроскулый, по гребням пенистым, позолоченный взгляд, яростные брызги Олицетворение; порыжели; Иртыш-скиталец; Сравнения; глаза у плавуна, как звезды Метафора; Иртыш-князь рыб, шатучие качели, кисть камыша, знаем зацелованные руки. Задание 1: выписать из стихотворения причастия</p>	<p>Конец урока</p> <p>Домашнее задание. Для самостоятельного изучения предлагается «УС». Выучите отрывок из стихотворения П. Васильева «Иртыш». Выберите одну из тем проекта «Степи казахской русский сокол». Подготовьте и защитите его в виде презентации. Группа «Трагическая судьба П. Н. Васильева». Группа «Прекрасный мир поэзии Павла Васильева». Группа «Стихи П.Васильева о Казахстане».</p> <p>Рефлексия «Три М». Учащимся предлагается назвать три момента, которые у них получились хорошо в процессе урока, и предложить одно действие, которое улучшит их работу на следующем уроке.</p> <p>(Деятельность учащихся) (И) После рефлексии учащиеся заполняют лист самооценивания</p> <p>Самооценивание. Лист самооценки ФИ ученика</p>							
	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="970 887 1139 965">Критерий оценивания</td> <td data-bbox="1139 887 1490 965">Дескрипторы</td> </tr> <tr> <td data-bbox="970 965 1139 1301" rowspan="4">Использует разные виды чтения, в том числе поисковое</td> <td data-bbox="1139 965 1490 1077">исследует проблемы, используя дополнительные источники информации;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1139 1077 1490 1155">делает обзор прочитанных текстов;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1139 1155 1490 1234">делает выводы по результатам чтения;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1139 1234 1490 1301">демонстрирует хороший уровень грамотности.</td> </tr> </table>	Критерий оценивания	Дескрипторы	Использует разные виды чтения, в том числе поисковое	исследует проблемы, используя дополнительные источники информации;	делает обзор прочитанных текстов;	делает выводы по результатам чтения;	демонстрирует хороший уровень грамотности.
Критерий оценивания	Дескрипторы							
Использует разные виды чтения, в том числе поисковое	исследует проблемы, используя дополнительные источники информации;							
	делает обзор прочитанных текстов;							
	делает выводы по результатам чтения;							
	демонстрирует хороший уровень грамотности.							
	<p>Дополнительная информация</p> <table border="1"> <tr> <td data-bbox="815 1339 1034 1585">Дифференциация Как вы планируете поддерживать учащихся</td> <td data-bbox="1034 1339 1267 1585">Оценивание Как вы планируете увидеть приобретенные знания учащихся</td> <td data-bbox="1267 1339 1490 1585">Межпредметные связи Соблюдение СанПиН ИКТ-компетентность Связи с ценностями</td> </tr> <tr> <td data-bbox="815 1585 1034 2042">Учащимся можно предложить тексты для чтения разного уровня сложности. Учащимся, которые работают в высоком темпе, можно предложить дополнительные задания.</td> <td data-bbox="1034 1585 1267 2042">«Лесенка успеха». Предлагается на лесенке успеха с помощью условных знаков показать, насколько оказался доступным и усвоенным тот или иной фрагмент темы.</td> <td data-bbox="1267 1585 1490 2042">География, английский язык казахский языки,</td> </tr> </table>	Дифференциация Как вы планируете поддерживать учащихся	Оценивание Как вы планируете увидеть приобретенные знания учащихся	Межпредметные связи Соблюдение СанПиН ИКТ-компетентность Связи с ценностями	Учащимся можно предложить тексты для чтения разного уровня сложности. Учащимся, которые работают в высоком темпе, можно предложить дополнительные задания.	«Лесенка успеха». Предлагается на лесенке успеха с помощью условных знаков показать, насколько оказался доступным и усвоенным тот или иной фрагмент темы.	География, английский язык казахский языки,	
Дифференциация Как вы планируете поддерживать учащихся	Оценивание Как вы планируете увидеть приобретенные знания учащихся	Межпредметные связи Соблюдение СанПиН ИКТ-компетентность Связи с ценностями						
Учащимся можно предложить тексты для чтения разного уровня сложности. Учащимся, которые работают в высоком темпе, можно предложить дополнительные задания.	«Лесенка успеха». Предлагается на лесенке успеха с помощью условных знаков показать, насколько оказался доступным и усвоенным тот или иной фрагмент темы.	География, английский язык казахский языки,						

ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

БҚО, Казталов ауданы, Қараоба ауылы, Ғ.Қараш атындағы Қараоба мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі Сапарова Нурия Серікқалиқызы

Тарих-халқымыздың зердесі. Тарих –бабаларымыздың басынан өткен оқиғалар жиынтығы.Біз оны бүкіл қайшылықтарымен,қаһармандық және қайғылы беттерімен қоса,тұтас күйінде қабылдауға тиіспіз.Тарих сабағында қазақтың сайын даласында ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі ұрпақтар сабақтастығының үзілмей келе жатқандығы,қазақтардың қазіргі ата мекеніміздің тұрғылықты халқы екендігі түсіндіріледі.Сонымен қатар,адамзат тарихындағы түбірлі өзгеріске себеп болған көшпелі өмір салтының қалыптасқандығы және Еуразия даласында көшпелілер құрған мемлекеттік бірлестіктердің қуатты болғандығы айтылады. Бұл мәліметтерді толықтыруда «Мәдени мұра»мемлекеттік бағдарламасы көлемінде атқарылып жатқан іс-шараларды оқып-үйрену көмектеседі.

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Мәдени мұра»-ұлт болып ұйысуымыздың берік темірқазығына айналуы тиіс», - деп атап көрсетті. Сондықтан да біздің алдымызда ел болашағын сеніп тапсыратын,төл мәдениетін жақсы білетін ,туған тарихын сүйетін ұрпақ дайындау міндеті тұр.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүргізілген ғылыми зерттеулерді сараптап,жүйеленген мәліметтерді оқулықтар мен оқу бағдарламаларына енгізу қажеттігі атап көрсетілуде. Оқыту үрдісінде, соның ішінде жоғары сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындауда оқулықтарға жаңадан енгізілген ғылыми зерттеулерді оқып-үйретуге айрықша көңіл бөлінеді. Жаңа буын оқулықтарына енгізілген көптеген археологиялық зерттеулер мен ғылыми мәліметтерді есте сақтауда тестік жүйенің орны ерекше.

Тарихты оқытудың басты міндеттерінің бірі-өткен тарихты сын көзбен талдай отырып,келешекті бағдарлайтын,шығармашылықпен іздене отырып,дұрыс қорытынды жасай алатын, тарихи деректер мен өздігінше жұмыс істей алатын азаматты тәрбиелеу.

Педогогикалық ізденіс барысында шәкірттерімізді оқыту мен тәрбиелеуде оқушы бойындағы ұлттық психологияны дамыту, оқытудың түсінуге жеңілдігі мен соған жету жолдарын іздестіру, оқушының дарынын жетілдіру мақсатында жеке жұмыс жүргізуді міндеттеріміз деп есептедім. Осы мақсаттарға ету жолында сабақтарымды түрлендіре өткізіп отырмын. Тереңдетіле өткізілетін сабақтарым лекция, семинар,баспасөз конференциясы, пікірталас үлгісінде жүргізіледі.Әрбір көлемді тақырыптардан кейін оқушының білімін жинақтап тексеру үшін тест,жедел сұрақ-жауап,сөзжұмбақтар құрастыру,ғылыми- шығармашылық жұмыстарын қорғау өткізіледі.

Шығармашылық - бүкіл тіршіліктің көзі.

Адам баласының сөйлей бастағанынан бастап бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетіне сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Оқушының шығармашылық қабілеті оның ойлауы мен практикалық әрекеттері арқылы дамиды. Ойлауға үйрететін

сабақтар-жаңа технологияларды қолдану сабақтары болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас қалыптасады. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда мынадай әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
3. Логикалық ойлаумен берілген тапсырмаларды шешу.
- 4.Әңгімені салыстыру,бөліктерге бөлу,ат қойғызу.
5. Қиялдау арқылы сурет салдыру.
6. Өлең шумақтарын құрастыру.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға,қиялын ұштауға,өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Ғылыми-зерттеу жұмысы оқушының интеллектуалдық дамуының өсу деңгейін арттырады. Ғылыми сипаттама беруді үйренеді. Ғалымдардың тәжірибесі негізделген материалдарды іздестіріп,танымдық белсенділігін арттырады.Қоғамдық өмірге бейімделген жеке тұлға қалыптасады.

Мұғалім оқушының алған білімін өмірде іске асыруға дағдылануына, сонымен қоса сөйлеу мәдениетін қалыптастыруына көңіл бөліп отыруы керек. Оқушының пән тілін дұрыс,мінсіз сөйлеуінің басты шарты-пәннің ғылыми тілін жетік меңгеруі, тіл байлығы.Оқушылардың жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіте түсу үшін тақырыптық тест дайындауды тапсырамын.

Оқу жылының басында әр сыныпта тарихқа ынталы оқушылардан құралған топ жетекшілері сайланады. Олар сабақ барысында ұйымдастырылған жұмыстың түріне қарай кеңесші қызметін атқарып, сыныптастарына көмектеседі. Жеке тұлғаның қалыптастырылуын дамыту мен оған жан-жақты білім беру мақсатында баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, қалыптастыра отырып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру жолында неғұрлым тиімді шараларын енгізу бүгінгі ұстаздың жауапты ісі болуы тиіс.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ МӘСЕЛЕСІ

*Майбасова Үміт Амандыққызы
«Өрлеу» БАҰО» АҚ Филиалы Қарағанды облысы бойынша
ПҚ БАИ, МДТ және ТӘ кафедрасының аға оқытушысы*

Қазіргі қазақ жазуында қолданып жүрген әліпбиді латын әріптерімен ауыстыру соңғы кездегі кездесіп жүрген мәселе десек, артық болмас. Елбасы, Нұрсұлтан Назарбаев латын қарпіне көшу жөнінде «Қазақстан 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет

тілін жетік игеруге, ең бастысы қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», деп міндеттеді [1]. Қазақ тілінің латын графикасына көшуін Елбасы, қазақ халқының ертеңгі болашаққа батыл қадамы, қазақстанның тағы бір маңызды бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған, ұлт тірегі ана тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми мәнді шара деп белгілейді. Бұл бастаманы қазіргі кирилл-қазақ әліпбиіне немесе орыс тіліне теріс қарау деп емес, таза қазақ әліпбиін жасау бағытындағы игілікті қадам деп түсінгеніміз абзал. Яғни, латын әліпбиіне көшу деген, ана тіліміздің болашағын ойлау, қолданыс аясының одан әрі кеңеюіне мүмкіндік жасау, қазақ тілінің ішкі табиғатын түсіне отырып, тілдің айтылым мен жазылым талаптарына жүйеге құру деп қабылдауымыз қажет.

Латынға көшудегі ең басты мәселелердің бірі «санасы кирилденген» қоғамның ел арасындағы көлденең пікірлері мен кертартпа ойлары. Мойындауым керек, бірнеше жыл бұрын өзім алғашқы уақытта қоғамның бір мүшесі ретінде сол толқулардың ағымымен жүрген едім. Осы тұрғыда ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Фаузия Оразбаева латын негізді әліпбиге көшуіміздің көптеген факторларының бірі ретінде ұлттық сананы жаңарту деп белгіледі. «Қазақ газеттері» ЖШС-нің жанынан құрылған «Наркескен» интеллектуалды клубының өткізген дөңгелек үстелдегі профессор: «Ұлттық сананы жаңарту дегеніміз – елдік пен ұлтты сақтау, ұлттың әліпбиін қазақи негізге әкелу. Әрине, одан саясат іздеудің қажеті жоқ. Бұл – орыстанудан қашу немесе түркілерге жақындау емес, латын негізді графикаға негізделген қазақтың ұлттық жазуын қалыптастырып, болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыру. Біз жазудың әртүрлі кезеңдерін басымыздан өткіздік. Олардың әрқайсысының жағымды және жағымсыз жақтары да болды. Ең басты кемшілігі – сөйлеу мәнерін сақтауда болды. Біз біресе өзіміздің қазақ тілінің үндестік заңымен жаздық, біресе кириллицаның заңдарына көшіп, соларды қолдадық. Терминдерді қабылдау кезінде оның түпнұсқасын сақтауға тырыстық. Одан кейін қаншама кірме сөздер пайда болды. Сол кірме сөздердің де жазылу мәнері әртүрлі. Демек, қазақтың өзінің дербестігімен бірге жазуының тәуелсіздігі, жазуының дербес болуы да, қазақтың төл ережесіне сүйеніп жасалуы тиіс. Осы тұрғыдан келгенде ұлттық сананы жаңғыртқанымыз абзал» [2].

Осы орайда, «ерте ме, кеш пе, еліміз латын әліпбиіне көшеді, соған дайындала беруіміз керек» деген салмақты ой санамызға сақталды. Ендігі кезекте еліміздің латын әліпбиіне көшудегі қиындықтарын еңсеру. Латын әліпбиіне көшу жұмысы бір күндік шаруа емес, кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын, зор жауапкершілікті қажет ететін игі іс. Яғни, жаңа латын әліпбиі негізінде оқып үйрену, сауатты жазуды меңгеру, бұрынғы шығармаларды қайта аудару және тағы басқа мәселелер күтіп тұр. Бұл бағытта мемлекеттік деңгейде ауқымды, белсенді қызмет іске асырылуда. Жаңа әліпбиі дайындалып, емле ережесі бекіді, ендігі кезекте әліпбиді енгізу бойынша білім беру ұйымдарында жоспарлы жұмыстар жүргізу. Қазір білікті кадрлар даярланып, оқулықтар басылып шығарылып, нормативтік термин-сөздіктер әзірлену үстінде. Сондықтан бізді санамызда тұрған үлкен міндет – ұлттың жазу сауаттылығы мен сөйлеу мәнерін сақтай білуі. Бұл түркі елдерімен, басқа да елдермен арамсызды жақындатыны рас. Яғни, тілдік заңдылықтарға компьютерлік техникалар немесе ақпараттық бағдарламалар бейімделуі керек. Сонда

біз өзіміздің нағыз ұлттық дербес жазуымызды сақтаймыз және латын әліпбиі негізінде ұлттық тілімізді еңгіземіз. Ісіміз оңынан болсын.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
2. «Латын әліпбиі: үміт пен күдік» // Ана тілі. Ұлт газеті. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=51661> 06.03.2019.

* * * * *

Г.ПОТАНИН – Ш.УӘЛИХАНОВ ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЛАР

*Түркістан облысы, Шардара ауданы, Алатау батыр ауылы, Қазақстан жалпы орта мектебінің 10 «ә» сынып оқушысы Орақбай Гүлзира
Тарих пәнінің мұғалімі Избасар Нургул Нурланқызы*

Қазақ және Ресей тарихнамасындағы Г.Н.Потаниннің және Ш.Уәлихановтың орны ерекше, қазақ және орыс ғалым интеллектуалдарының қызметестігінің негізін қалаған тұлғалар болып табылады, оның ішінде әйгілі – шығыстанушы Г.Н.Потаниннің қазақ ауыз әдебиеті тарихы мен Шығыстануға, қазақ фольклористикасының қалыптасып, дамуына сіңірген еңбегі зор.

Шынында Қазақстан мен Сібірді, Орталық Азияны мекендейтін ондаған халықтың тарихын, этнографиясын, фольклорын жинау, жариялау және зерттеу – оның өмірлік ізденісім болды десе, артық емес. Г.Н.Потанинді ХХ ғ. Басындағы қазақ зиялы қауымының өзінің жанашыр-қамқоршысы әрі ақсақалы ретінде тануы көп нәрсені аңғартады. Ол ғалым болумен қатар Сібір мен Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан қоғам қайраткері. Сол себепті де ол Алашорданың құрылтай жиналысының құрметті қонағы ретінде шақырылған еді. Ғұлама ғалым, шығыстанушы-этнограф, фольклорист, Қазақстан мен Ресейдің ХІХ – ХХ ғғ. ірі қоғамдық-саяси қайраткерінің есімі, қазақ-орыс халықтарының рухани-мәдени тарихындағы ерекше орны бар екі халыққа да ортақ өнегелі – феномен тұлға болып қала бермек.

Григорий Потанин Омскідегі кадет корпусында оқып жүрген кезінен-ақ қазақ халқының тарихына ерекше қызығушылық танытқан. Он жасар Потанин корпусқа оқуға түскеннен кейін екі жылдан соң тағдыр оған болашақта қазақ халқының мақтанышы, ғалым-этнограф, саяхатшысы, ағартушысы болатын «кішкентай қырғыз баласын, атаманның ұлы Шоқан Уәлихановты жіберді, олар бірден достасып кете қойған жоқ. «Шоқан орысша, мен қазақша білмейтінмін. Ол орысша сөйлеп үйрене бастағанда мені... қырғыз даласының географиясы қызықтыра бастаған еді, сөйтіп мен Шоқанмен жақынырақ таныса бастадым» деп жазды. Г.Потанин – осы кезден біз жақсы дос бола бастадық, әсіресе біздің ақыл-ой, қызығушылығымыз ажырамастай еді, екеуімізді де Қырғыз даласы мен Орта Азия мәселесі қызықтыратын. Палластың кітабын, әсіресе біздің туған жеріміз суреттелген беттерін асқан қызығушылықпен оқыдық. Осы қызығушылық біздің болашағымызды анықтап бергендей болды». Достардың

бірлескен қызығушылығына қазақ халқының поэзиясымен, тарихымен, этнографиясымен әуестеніп жүрген орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Николай Федорович Костылевский назар аударады. Кадет корпусын бітіргеннен кейін, Шоқан Уәлиханов пен Потанин кездесіп, этнографиялық материалдармен алмасу үшін әрбір мүмкіндікті жібермеуге тырысады. Достар Н.Костылевскиймен де хабарласып тұрады. Көп ұзамай олардың портфелінде ортақ мәтіндер, жинастырған мақал-мәтелдер, ұзақ уақыт Үлкен Орда қырғыздары Алатау округі бастығының аудармашысы болған И.Бардышевтің жинап, аударған дүниелері жинақталады.

«Біз Шоқан екеуіміз жиі кездесіп тұрдық – деп жазды Г.Потанин Шоқан екеуіміздің Петербургке барып университетте лекция тыңдауымызды жоспарлап жүрді. Университеттен шығысымен Орта Азияға саяхат жасауды армандадық». 1856 жылы Потанин Омбыға ауысқан кезде, Шоқанның өтініші бойынша ол Омбы облыстық мұрағатынан он сегізінші ғасырға байланысты орыс шекара басшыларының көршілес жоңғар хандығындағы княздармен байланысы, Сібір және Шығыс Түркістан қалаларының арасындағы сауда қатынасы туралы мәліметтер алып береді. Потанин университетте оқып жүргенде достар Петербургте кездеседі. Олар бірлесіп Потаниннің қазақ даласының батыс шекарасына, Орал қаласына барған сапары жайлы «Отрывок из письма к издателю» атты мақала жазады. Мақала 1862 жылы «Колокол» журналында басылып шығады. 1863 жылы Г.Потанин мен Ш.Уәлихановтың жолдары тағы да Омбы қаласында тоғысады. Екеуінің де сапары Петербургтегі Сібір үйірмесінің жұмысына қатысты болатын. Олар Потаниннің астыртын жұмысының қызған кезінде кездесіп, астроном Карл Струвенің экспедициясының жұмысымен қосарлана атқарылды. 1864 жылы ауыр науқастанған Шоқан Омбыға келеді. Достар қысқа ғана кездесіп, қазақтың халық поэзиясы туралы материалдармен алмасады. Шоқан қағаздарының ішінен Потаниннің қолжазбасы табылған, онда «Қозы Көрпеш» эпосы және Потаниннің Тарбағатай сапарында жазып алған «Итыгиль» ертегісі туралы айтылады. Шоқан өлімі мен 1865 жылы Потаниннің тұтқындалуы Сібір үйірмесінің шығармашылығына байланысты олардың ортақ істерін тоқтатқанымен, Потанин қазақ фольклорын зерттеуді тоқтатқан жоқ. Қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын жинауды Г.Потанин кейінгі экспедициялар кезінде де жалғастырды.

Екі халықтың тамаша өкілдері – Г.Потанин мен Шоқан Уәлихановтың достығы – қазақ ағартушысы мен еркін ойлы орыс интеллигентінің одағы ретінде үлгі болып, қазақ халқының зерттелуі «тек орыс білімін толықтыру үшін ғана емес, сонымен қатар, қазақ халқының сана-сезімінің оянуына ықпал етті».

